

ТАҢМЕН ТАЛАСҚАН...

Тазалық. Үйінің, тұратын жерінің таза болғанын кез келген адам қалайды. Тазалық адамға керемет көңіл-күй сыйлайтыны белгілі. Мәселен, қала ішінде кетіп бара жатып, жан-жағына қараған кезде мұнтаздай таза болса керемет емес пе?! Ал қоқыс жатқанын көрсеніз, көңіліңіз әп-сәтте бұзылады. Осы орайда тазалықшылардың еңбегі зор. Таңертең жұмысқа келе жатқанның көшенің қоқысы жиналып, тазарғанын байқауға болады. Өйткені сіз ұйықдан тұруға ерініп жатқанда, «Қызылорда тазалығының» қазметкерлері көшені тазалауға кіріседі. «Нағыз еңбек осы кісілердікі» деп айтуға әбден болады. Аптапты жазда, қытымыр қыста тынымсыз еңбектен бас алмайтын тазалықшылардың еңбегі өлшеусіз.

4-БЕТТЕ



ЖӨНДЕУ

ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ

Қаламыздағы жолдарға жөндеу жұмыстары қажет екені және шет аймақтарға көңіл болу керектігі жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Сондықтан да қазіргі уақытта жергілікті билік осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етіп отыр. Биыл қалада жол салу, жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатқаны сөзімізге дәлел.

4-БЕТТЕ



Қысқа дайынбыз ба?

Қыстың қаһарлы суығына шыдас беру үшін жан-жақты дайындық қажет екені белгілі. Себебі жыл сайын жылу қазандықтары мен жылыту құбырларын жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары қатан сұралады. Бұл тұрғыда қаламызда дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде.

4-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

14 қазан
сейсенбі

№78 (2190)

2025 жыл

апталығы

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖОЛ — ІРГЕЛІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ

Қызылорда қаласындағы оңтайлы өзгерістер соңғы жылдары алға басуда. Шаһардың шырайы келісіп, көркіне көрік қосты. Жаңа нысандар салынып, әлеуметтің әлеуеті артып келеді. Құрылысы қарқынды қаланың көркейіп, көшелері кеңейіп жатқанын айтпау мүмкін емес. Қаланың тыныс-тіршілігі мен дамуы әрбір тұрғынға қуаныш сыйлары хак. Бүгінде жолдар жөнделіп, көшелер кеңейіп, шаһар келбеті өзгеше кейіпке енді.

Қала күні қарсаңында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылының екінші кезеңі аяқталып, Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін жаңадан салынған автомобиль жолының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, қала тұрғындары қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев халықты жаңа жолдың ашылуымен құттықтады.

— Қызылорда — мегаполис болмағанымен, қарқынды қалалық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы әртарапандыру бағытында нақты қадам жасаған қала. Халық саны жыл сайын өсуде, аймақ тұрғындарының шамамен 50%-ға жуығы облыс орталығында тұрады. Біз жұртшылықтың жайлы өмір сүруіне бағытталған, қауіпсіз, таза, қолжетімді әрі зияткер қала құру бағытында нақты қадамдар жасадық. Облыс орталығының негізгі көшелері — Шиелі ауданынан кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистральді көшелері төрт жолақты болып кеңейтілді.

Бүгін, міне, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының екінші кезеңі аяқталып, ел игілігіне табысталауда. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалынан бастап Гагарин көпіріне дейінгі 27,3 шақырым жол төрт жолақты болып салынды. Жол бойындағы Сыздық, Жаңадария, Шіркейлі каналдары үстіндегі 3 көпір қайта жаңғыртудан өтіп, төрт жолақты болып кеңейтілді. Бұл мақсатқа бюджеттен 23 млрд 962 млн теңге бөлінді. Жолдарды дамыту қалада өмір сүруді әлдеқайда ыңғайлы әрі қауіпсіз етіп, көліктердің кедергісіз қозғалысына оң септігін тигізеді. Құрылыс жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде жүргізген «УАД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қызылордалықтардың атынан шынайы алғысымыз білдіреміз. Әрдайым бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болсын! Жаңа жол берекенің бастауына айналсын! Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! — деді аймақ басшысы.

Рәсімде жаңа жолды сапалы етіп салуға үлес қосқан мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Тәуелсіздік даңғылының ашылу рәсімінде авто және велошеру ұйымдастырылды. Шеруде кейінгі жылдары заманауи техникамен қамтамасыз етілген салалардың көліктері көрсетілді.



Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының екінші кезеңі аяқталып, ел игілігіне табысталауда. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалынан бастап Гагарин көпіріне дейінгі 27,3 шақырым жол төрт жолақты болып салынды. Жол бойындағы Сыздық, Жаңадария, Шіркейлі каналдары үстіндегі 3 көпір қайта жаңғыртудан өтіп, төрт жолақты болып кеңейтілді. Бұл мақсатқа бюджеттен 23 млрд 962 млн теңге бөлінді.

«Ақмешіт-ақпарат»

КІШКЕНТАЙ ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІ ҮШІН

Қызылорда қаласында ойын алаңдарын салу жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Соңғы жылдары аймақ басшысының қолдауымен көпқабатты үйлер арасына балаларға ойын және спорт алаңы салынып, аула көркін аша түсуде.

Өткен аптада қалалық қоғамдық даму бөлімі ұйымдастырған баспасөз туры барысында бұқаралық ақпарат өкілдері ойын алаңдарының салынып жатқан жұмыстарын көрді.

БАҚ өкілдері ең алдымен «Универсам» шағын ауданындағы Бектұрғанов көшесі №13 үйдің ауласындағы ойын алаңына барды. Мұнда балаларға арналған заманауи сырғанақтар мен әткен-шектердің айналасына қауіпсіздік төсеніштері төселіп, түнгі жарық шамдары қойылуда. Бұл жұмыстарды «Еңбек Қызылорда» мекемесі атқаруда.



— Қызылорда қаласы аумағында 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізудеміз. Келісім-шарт негізінде қыркүйек айында басталды. Жоспарлы мерзімі — жеті ай. Дегенмен, жылдың аяғына дейін жұмыстарды аяқтау жоспарда бар. Футбол алаңы, балаларға арналған ойын алаңы, спорттық жаттығуға арналған құралдар орнатылады. Ойын алаңдары үшін қажетті құрал-жаб-

дықтар Алматы қаласынан арнайы тапсырыспен келеді. Жалпы, қала тұрғындарының жайлы өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастама тұрғындардың көңілінен шығуда, — деді РГП «Еңбек Қызылорда» филиалының директоры Руслан Қыпшақбаев.

Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарының са-



лынуы қаланың көркін келтіріп, тұрғындардың дұрыс демалуына жағдай жасауды мақсат етеді. Өйткені тұрғын үй ауласының тазалығы, балалардың қауіпсіз ортада жүріп-тұрғаны әрбіріміз үшін маңызды.

Айта кетейік, облыс әкімінің бастамасымен қалада 19 шағын футбол алаңы, 25 жаттығу аймағы, 21 балалар ойын алаңы, 15 аулаішілік шаруашылық алаңы мен 13 демалыс орнын салу жоспарланған. Мердігер мекемелер әрбір нысанды талапқа сай жабдықтап, балалар қауіпсіздігін сақтауды басты орынға қою қажет. Облыс орталығын көрікті қалаға айналдыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Мұндай жобалар қала келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етері сөзсіз.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚЫЗЫЛОРДА — ҰЛТ РУХАНИЯТЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Даңқты жазушы Мұхтар Әуезов «Ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» деген екен. Расында, адамға рухани қуат беретін мәдени өмірдегі ізгілікті шаралардың ұрпақ тәрбиесінде де орны ерекше. Ұлтымыздың өміршен салт-дәстүрін, ана тілін, өркениетін, тарихын елге танытып, мәдени дамуымызда көшбасшы болып жүрген Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жұмысы жылдың төрт мезгілінде де үздіксіз атқарылады.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қалалық деңгейде мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған іс-шараларды тұрақты жүргізіп келеді.

Бөлімге қарасты қалалық мәдениет үйі, клубтары және халықтық ұжымдар кәсіпорны, орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қызылорда қаласының тарихи музейі, Жастар театры елге елеулі қызмет көрсетіп келеді.

Мәдениет — ұлт өмірінің айнасы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халықтың рухани келбеті, мейірімі мен парасат-пайымы. Қай кезеңде болсын, мемлекеттің даму сатысында мәдениеттің орны ерекше. Сыр өңірі ұлттың гирбатты ордасы болса, мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрі өнегенің алтын қазығы. Қызылорда қаласы иесі қазаққа алғашқы астана атымен танылған мәдениет пен өнердің, әдебиет пен ғылымның рухани орталығы болуымен құнды. Алты Алаш қадір тұтқан бас шаһардың бұл күнде сәулеті айшықталып, мәдени нысандар көбейіп, рухани, танымдық шаралар кең ауқымда өткізілетін мерейлі мекенге айналды. Бас шаһарда мазмұнды іс-шаралар өткізу, дүйім елге насихаттау қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құзырында. Мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұра нысанын қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамыту мақсатында атқарылған жұмыстар аз емес.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаевтың айтуынша, бөлімге қарасты қалалық мәдениет үйі, клубтар және халықтық ұжымдар, орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, мәдени-демалыс паркі, тарихи музей, жастар театры халықтың рухани, танымдық көкжиегін кеңейтуде, жаңалық пен жақсылықтың жарышысы болуда еселі еңбек етіп келеді.

Биыл 9 айда қала бойынша 1098 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, көрерменнің ықыласына бөленген. Қазақлықтың қаймағы бұзылмаған Сыр елі өзге өңірлерге үлгі болып, мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау, насихаттау және дамыту бағытында жүйелі жұмыс атқарып келеді. Нәтижесінде мемлекеттік мекемелердің құжат айналымы түгелімен ана тіліне көшкен. Сонымен қатар қала көшелерінің атауын жүйелеп, заманауи қалыпқа келтіріп, оларға елге еңбегі сіңген тұлғалар мен жер-су аттарының есімін беру мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің міндетінің бірі.

Бөлім басшысының айтуынша, қалада комиссия шешімімен нақтыланған 1279 және қалаға қарасты ауылдық округтерде 449 көше бар. Республикалық ономастика комиссиясы 48 ардагердің есімін бекіту туралы оң қорытынды берген. Оның ішінде 17 ардагердің есімі ауылдық округтен бекітіліп, талапқа сай QR-код енгізілген таяқшалар жасалған.

— Қаладағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктерін атау және қайта атау беру бойынша 2022-2024 жылдар аралығында тиісті заңдылықтарға сәйкес қаралып, қолдауын тапқан 4 ұсыныс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы республикалық ономастика комиссиясының кезекті отырысына ұсынуға ықпал жасау мақсатында облыстық қоғамдық даму басқармасына құжаттары жолданды.

Ендігі кезекте, «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген 7 ұсынысты және облыстық қоғамдық даму басқармасының ұсынысына сәйкес Сұлтанбек Қожанов есімін лайықты көшеге ауыстыру мақсатында қалалық ономастика жұмысшы тобының отырысында қаралып, облыстық қоғамдық даму басқармасына жолданды. Қалаға қарасты кент және ауылдық округтегі идеологиялық тұрғыда ескірген атаудың барлығына тарихи тұлғалар мен жер су атауы берілді, — дейді бөлім басшысы.

Бөлім тарапынан жарнама және тіл тазалығына қатысты мәселелер қадағаланып, тексеру тұрақты жүргізілетіні де айтылды. Мекемелерге, кәсіп иелеріне, жазбаша ескерту хаттар мен маңдайша жазулар, басқа да көрнекі акпараттың мәтінін жазу және орналастырудың үлгісі беріліп, түсіндірме жұмысы жүргізілген. Қаладағы мейрамхана мен жылдам әзірленетін дәмхананың 89,9 пайызы ас мәзірін қазақ тілінде ұсынаатыны қазақлықтың қаймағы бұзылмаған ел үшін үлкен жетістік.

Бүгінде екі ғасырдан астам тарихы бар Қызылорда қаласында 85 тарихи-мәдени мұра мемлекет қорғауына алынған, оның 4-і республикалық, 34-і жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштері. 47 нысан тарихи-мәдени мұра тізіміне алдын-ала енгізілген. Бүгінде жекеменшікте 10 нысан бар.

Қалаға қарасты клубтар да халыққа рухани демалыс сыйлау мақсатында мазмұнды шаралар өткізуде белсенді. Клуб үйлерінің ұйымдастыруымен 652 мәдени шара өткен.

Кент пен ауылдық округтердің мәдениет орындары ауқымды мәдени шаралар өткізіп, өз өнерлерін паш етуде. 26 мыңнан астам ауылдықтарға қуаныш сыйлаған 362 мәдени шара өтуі соның дәлелі.

Ал «Адал адам — мәдени-тәрбие орталығы» жобасы рухани тәрбиенің өзегіне айналғанына куә боп келеміз.

Бұл тақырыпты қамтыған 612 іс-шара өткізіліп, 144 мыңнан астам көрермен қатысқан ұрпақ тәрбиесі үшін мазмұнды кездесулер өткен.

Үйірменің үйретері көп екені сөзсіз. Қаладағы мәдениет үйлері мен клубтарда 99 үйірме тұрақты жұмыс істеп, би, сурет, тігін және өзге де өнерге қызығушыларды баулиды.

Сондай-ақ «Мереке-Думан» халықтық әзіл-сықақ отауы, «Сикырлы айна» халықтық балалар қуыршақ театры, «Сырлы саз» халықтық этно-фольклорлық ансамблі және «Қожабековтер» халықтық отбасылық ансамблі қала халқына өнерлерін көрсетіп, сахналық қойылымымен тәнті етуде.

«Кітап — алдыңғы ұрпақтың кейінгі буынға қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» деген еді классик жазушы Ғабит Мүсірепов. Кітап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу — әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарт. Шынында, кітапханашы рухани қазынаның иесі. Қаладағы 21 кітапханада үздіксіз тағылымдық кештер, кездесулер, салтанатты шаралар өткізіледі. Оқырман санының өсуі асыл қазынаға деген ел құрметінің еселенуінің дәлелі. Бүгінде оқырмандар сұранысына сай кітап қоры — 647 659, қазақ тіліндегі кітап саны — 264 923. Биылғы алынған жаңа әдебиеттер саны — 608, оның 436-сы ана тілімізде.

Қалалық мәдени-демалыс паркі жақында қайта жаңарып, сәулетті кейіпке енді. Қалалықтарға керемет демалыс сыйлайтын мәдениет орны 3954,3 шаршы метрге ғимараттар мен бетон скейтпаркі, 23815,7 шаршы метрге қоғалдандыру жұмысы, 2 122 шаршы метрге қылқан жапырақты екпе және 544 дана ағаш отырғызылған.

Бетонды скейтпарк, 20-ға жуық жас ерекшеліктеріне қарай аттракциондар, кафе ғимаратын орналастыруға арналған алаң және балалар ойын алаңы бар. Айнала дөңгелектің жанында және аттракциондар паркінің орталық алаңында фуд-корт аймағы орналастырылған.

Сол секілді арнайы воркаут алаңы, үстел теннис орындары, демалуға арналған алаңдар, жапон бағы, футбол алаңы, барлық аумақта субұрқақтар орнатылған. Ашық аспан астында мәдени қызмет көрсетуге және 100 орынға арналған амфитеатр сахнасы демалыс орнының ажарын ашып тұр. Қызылорда қаласының Қазақ АКСР-ның астанасы болғанына 100 жыл толуына арналған мәдени шаралар биылғы жылдың кәделі сыйы болды. Түп тарихында үш дәуірдің астанасы болған, одан бері кешегі XX ғасырдың басында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы Ақмешітте өткен алқалы жиянда бас қаланың аты Қызылорда болып өзгертілгені, сонымен қатар Алаш зиялыларының бастамасымен ұлтымызға «қазақ» атауы қайтарылғанына биыл 100 жыл толып отыр. Қай заманда да қазаққа құтты ұя болған байырғы мекенде атаулы жылда іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылғаны көңілге қуаныш сыйлап, мәртебемізді көтере түсті.

Айтулы іс-шара Қызылорда қаласының мерейтойымен жалғасып жатыр.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Қызылорда қаласының Астана болғанына 100 жыл толуы аясында және қала күні мерекесіне арнап іс-шара жоспарын құрып, ауқымды салтанатты іс-шаралар өткізуде. 24 қыркүйектен басталған шаралар 27 қазанға дейін жалғаспақ.

Соның алғашқысы «Өнер» арбатында «Қызылорда — Алаштың жүрегі» кітабының тұсаукесері және «Кітап FEST» кітап көрмесі мен сатылым акциясын ұйымдастырумен басталды. Кітапханалар жүйесі, кітап дүкендері, кітапты өз еркімен сыйлайтын еріктілерді қамти отырып кітап жәрмеңкесін ұйымдастырып, жұртшылықтың кітап оқуға деген құшпынысын оятты. Тағылымды іс-шарада ертегі кейіпкерлерінің бейнесін жас бүлдіршіндер сомдап, көрермендерге керемет көңіл-күй сыйлады.

Мазмұнды іс-шараның бірі — Қызылорда қаласының тарихы музейі ғимаратында туған қаламыздың ғасырлар қойнауынан сыр шертетін тарихи құжаттар, фотосуреттер мен құнды жәдігерлерден құралған «Қызылорда — мерейлі мекенім!» тақырыптық көрмесі өтті. Осы күні Өнер арбатында «Сыр шеберлерінің жұлдызды құрағы» атты көрме ұйымдастырылып, колөнершілердің шеберлігіне қалың көпшілік тәнті болды.

Қалалық спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Ата заңның 30 жылдығына орай веломафрон өтті. А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Қарттарға құрмет — ұрпаққа міндет» атты қарттар күніне арналған мәдени көпшілік іс-шараға қариялар қатысып, ризашылығын білдірді.

Мұнан әрі қала күні мерекесіне арналған салтанатты іс-шара Қорқыт ата ескерткішінде жалғасты. «Қызылорда жастар қаласы» фото көрме сайысы өтіп, жеңімпаздар марапатталды. 3-5 қазан аралығында қалалық спорт бөлімінің бастамасымен «Qyzylorda-OPEN» шахматтан республикалық турнирі өтті.

А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Сыр сазгерлерінің сазды сөлемі» атты ән кешінде сазгерлердің Қызылорда қаласына арнаған әндері орындалды. Жастар театрында алаштанушы ғалым Е. Токтарбайдың «Жас Алаш, шындық шырағы» атты тарихи драмасы сахналанса, сол күні «Сәтті 100 қадам» танымдық квест сайысы ұйымдастырылды.

Сонымен қатар қалалық жастар орталығында жастар арасында «Тарихы терең — Сыр елі» тақырыбында интелектуалды сайыс жоғары дәрежеде өткізіліп, жастар қала тарихы туралы тың ақпараттар алды. Спортсүйер қауым үшін жағымды жаңалық қала күніне орай «Евразия» спорт кешенінде 12-17 қазан аралығында Қазақстан Республикасы бірінші лиганың, бірінші айналымы футбол чемпионаты өткізілмек.

17 қазанда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалаудағы жаңа стадионда «Бак байрақты — Қызылордам» атты салтанатты гала-концерт өткізілсе, 18 қазанда аудандардың ауылшаруашылық жәрмеңкесі мен мерекелік концерт, ипподромда «Алтын дән — 2025» мерекесіне арналған республикалық ат бәйгесі, теннис орталығында қазақ күресіне «Бала барыс — 2025» қалалық ашық біріншілігі, 23-25 қазанда «Сыр жұлдыздары» шығармашылық орталығында стритболдан жасөспірімдер арасында халықаралық турнир, 26-27 қазанда «Теннис» орталығында тоғызқұмалақтан қалалық ашық біріншілік, 26-27 қазанда «Евразия» спорт кешенінде әуесқойлар арасындағы футболдан қалалық ашық біріншілік өткізілетін болады.

Осылайша, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай және қала күніне арналған тағылымды іс-шаралар 27 қазанға дейін жалғаспақ.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

«Апталықтың» коллажы

№21 бірмандаттық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына кандидат Еркебулан Еликбаевич Нарбаев



ӨМІРБАЯН

Мен, Нарбаев Еркебулан Еликбаевич 1991 жылы Шымкент қаласында дүниеге келдім. Білімім жоғары.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Құрылыс» мамандығын және «SilkWay» халықаралық университетінің «Экономика» мамандығы бойынша екінші жоғарғы білімді сәтті аяқтадым.

Еңбек жолымды 2009 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде білім жөніндегі студенттік проректор болып бастадым.

2013-2015 жылдары Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы университет жанындағы жастар орталығының директоры, 2015-2017 жылдары «Оңтүстік» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында шағын және орта бизнесті ақпараттық-маркетингтік қолдау секторының басшысы, 2017-2019 жылдары «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры, 2019-2021 жылдары «ҚАЗНҰР» жобалық компаниясы директорының орынбасары, 2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Мелиоратор» ЖШС-нің бас директоры қызметін атқарудамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Сыр – Алаштың анасы» атанған қасиетті жерде қызмет етіп, осы өлкенің барлық тынысын көз алдымда өткізіп жүрген Сыр елінің мәселелері мен әлеуметтік жағдайы мен үшін жақсы таныс. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде қаламыздың өркендеуі мен азаматтарымыздың қоғам игіліктерін кеңінен пайдалануы жолында тың өзгерістер әкеліп, өз үлесімді қосқым келеді. Менің ұстанымым – депутат елдің аманатын арқалай алған адал азамат, халық сеніміне ие болған әділетті тұлға.

Мен, «Respublica» партиясының партиялық тізімі бойынша №21 сайлау округінен Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттығына үміткер, сіздердің сенімдеріңізге ие болып, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын жеткізуге және қоғам игілігі үшін еңбек етуге ниеттімін.

Егерде сіздердің сенімдеріңізге ие болып, Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болып сайлансам, тәжірибем мен білімімді, ерік-жігерімді жұмсай отырып, төмендегідей өзекті мәселелердің оң шешімін табуға атсалысамын:

– Жасанды интеллект дәуірінде оқушылар сапалы білім алу үшін Тасбөгет кентіндегі мектептерде заманауи IT-сыныптар мен шеберханалардың ашылуына ықпал ету;

– Балаларға арналған тегін үйірмелер мен қосымша білім беру орталықтарының санын көбейтуге бастама жасау;

– Тасбөгет кентінде ашық спорт алаңдарын көбейту, қолданыстағы нысандарды жөндеу және жастар арасында бұқаралық спортты дамыту үшін соңғы үлгідегі футбол, волейбол, баскетбол мен «Workout» алаңдарын салуға ұсыныс енгізу;

– Тасбөгет кентінде орналасқан мәдениет үйлері мен кітапханалардың жұмысын жандандыру және мәдениет саласына жергілікті кәсіпкерлерді тарту арқылы демеушілік жүйесін дамыту;

– Тасбөгет кентінде бизнеске қолайлы жағдайлар жасап, өнім шығаратын жаңа кәсіпорындар мен зауыттарды ашу арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал жасау;

– Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында кешенді шараларды қолдана отырып, оның ішінде соғыс және тыл, еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандар мен жетім балаларға қолдау көрсетіп, заңнамалық тұрғыда азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағаларының негізсіз көтерілуіне қатаң депутаттық бақылау орнату;

– Тасбөгет кентіндегі жағдайы нашар, тозығы жеткен жолдар мен аялдамаларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге бастама көтеру;

– Тасбөгет кентінде орналасқан №4 қалалық емханаға жаңа ғимарат салынуына ұсыныс енгізу;

– «Сабалақ» саяжайына тұрғын аумақ мәртебесін алуына ықпал жасау;

– Сабалақ саяжайын ауызсумен толыққанды қамтамасыз ету;

– Қоғамдық көліктер қатынайтын көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу (Кенттегі қоғамдық көлік қатынайтын М.Шокай, А.Құнанбайұлы, Қ.Әбенов және С.Олжабайұлы көшелері).

Қорытынды
Менің басты мақсатым – Тасбөгет кентінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеріп, әр отбасының тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосу.

Сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін әрбір ұсыныстарыңызды тындап, мәслихат қабырғасында нақты шешім қабылдануына ықпал етемін.

«Respublica» – Әр азамат маңызды! Әр пікір ескеріледі!

«Respublica» - Жаңа адамдар – Жаңа қаламдар!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

ІСКЕР АЗАМАТ

«Болаң елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» дейді қазақ. №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына «Respublica» партиясының атынан Еркебулан Нарбаев сайлауға түсуге талаптануда. Еркебулан Елікбайұлының еңбек жолына көз жүгіртсек, қызметтің біраз баспалдағынан өткен, білімі де, тәжірибесі де жеткілікті, іскер азамат екенін байқауға болады. Мен бұл азаматтың қай істі қолға алса да нәтижеге жету үшін тынымсыз еңбек ететініне тәнтімін. Жастармен жұмыста да, кәсіпкерлік, құрылыс саласында да өзінің іскерлігін дәлелдеп жүр. Ол сөздің емес, істің адамы. Қай салада болсын, алдымен жұмыс нәтижесін көрсететіні кейінгі буынға үлгі. Қаланың қайнаған қызу тіршілігінде мәселені дөп басып, істің көзін тани білетін, нақты шешім қабылдайтын, өзіндік пікірі бар азаматтар қалалық мәслихатқа қажет деп ойлаймын. Бұл орайда Еркебулан Елікбайұлы халық қалаулысы болып, елге қызмет етуге әбден лайық деп білемін. «Өзім үшін ғана емес, елге қызмет етемін» деген азаматқа алдағы саяси долада тек жеңіс тілеймін. Ел мүддесін ойлаған азаматтарды қолдайық!

Дәурен СЕЙТЖАНОВ,
кандидат Е.Нарбаевтың сенімді өкілі

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

ЖАҢА НЫСАН

Қызылорданың сол жағалауы бүгінде заманауи келбетімен, жаңа нысандарымен, халыққа ыңғайлы әлеуметтік инфрақұрылымымен көз қуантады. Соның айғағы – жақында ғана пайдалануға берілген «Syr-Daryu» коммуналдық базары. Бұл сауда орны қала тұрғындарына сапалы әрі тиімді бағада өнім ұсынумен қатар, өз кәсібін дөңгелеткісі келгендерге де зор мүмкіндік беріп отырған ерекше жоба саналады. Бүгінде бұл жаңа сауда орны сол жағалаудың тіршілік өзегіне айналып келеді. Біз де базардың жұмыс барысымен танысып қайттық.

СОЛ ЖАҒАЛАУДА БАЗАР БАР



Жалпы аумағы 5000 шаршы метрді құрайтын кең сауда алаңы екі қабаттан тұрады. Төменгі қабатта күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түлік, ет, сүт, жеміс-жидек, көкөніс өнімдері сатылса, жоғарғы қабатта киім-кешек пен тұрмыстық бұйымдар орналасады.

«Syr-Daryu» коммуналдық базарының басты ерекшелігі – мұндағы өнімдердің делдалсыз, тікелей өндірушілерден жеткізілуі. Бұл бағаның тұрақтылығын сақтап ғана қоймай, тұрғындарға тиімді бағада сапалы өнім ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіпкерлерге де тиімді мүмкіндік қарастырылған.

– «Syr-Daryu» коммуналдық базары кәсіпкерлер үшін 2026 жылға дейін тегін. Яғни, кәсіпкерлер жалдау ақысыз жұмыс істей алады. Қазір біз кәсіпкерлерді тартып жатырмыз. Көкөніс пен азық-түліктің көпшілігі Шымкент қаласынан әкелінеді. Дегенмен, бұл базарды әлі біле бермейтін тұрғындар да бар, – дейді сатушы Әсел Ерланқызы.

Жаңадан ашылған базардың инфрақұрылымы да қазіргі стандарттарға сай жасакталған. Сауда орны жылы,

жарық әрі кең. Әр бөлім өз аумағына қарай ыңғайлы орналасқан. Тіпті ет өнімдеріне арналған арнайы тоназытқыш камералар мен санитарлық талаптарға сай жағдайлар да қарастырылған.

Базар сөрелерінде табиғи әрі сапалы өнім түрлері мол. Сатушы Сағидулла Сағитжанұлы мұнда ет сатады екен.

– Бізде барлық ет түрі бар. Ең бастысы, жаңа әрі таза өнім. Мәселен, сиыр етінің келісі – 3200 теңге, қой етінің бір келісі – 3500 теңге, ал қазының келісі – 4000 теңге шамасында. Сондай-ақ фарш – 3500 теңге, өкпе-бауырдың келісі – 1200 теңге. Бағасы тиімді, сапасы жоғары. Келушілер саны әзірге аздау. Сондықтан барша Қызылордалықтарды табиғи өнімді таңдауға шақырамыз, – дейді ол.

Жаңа «Syr-Daryu» коммуналдық базары – тек сауда орны емес, қала экономикасын дамытуға, кәсіпкерлерге қол-бас беруге бағытталған әлеуметтік жоба. Мұнда тиімді баға мен сапалы өнім үйлесім тапқан.

Айдана БАХТИЯР



«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында өңірдің барлық елді мекенінде жаппай сенбіліктер мен тал егу шаралары ұйымдастырылуда. Өткен аптада акция аясында Қорқыт ата саябағында тал егу шарасы өтті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ЖАЛҒАСУДА

«Қорқыт ата» кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш маңындағы саябақ 2002 жылы ашылған. Бүгінде толық жаңарып, тұрғындардың демалысына, серуендеуіне, балалардың ойнауына қолайлы орынға айналды.

Бұл саябақты абаттандыру жұмыстары 38 828 шаршы метр аумақты қамтыған. Оның 1 826 шаршы метрі – құрылыс алаңы, 13 430 шаршы метріне брусчатка төселген, ал 23 572 шаршы метрі көгалдандырылған. Саябақ аумағында заманауи субұрқақтар,

спорт және балалар ойын алаңдары, серуен жолдары мен жарықшамдар орнатылған. Сондай-ақ келушілердің жайлы демалысы үшін орындықтар, шағын сәулеттік нысандар қойылып, көгалдандыру және суару жүйесі жүргізілген.

Шара барысында облыс аумағындағы скверлер мен аллеялар, парктер мен көшелер, теміржол бойы, су айдындары және республикалық, облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойы тазартылды. Айта кетейік, осы уақытқа дейін «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына 20 мыңға жуық адам қатысқан. Оның ішінде зиялы қауым өкілдері, еріктілер, экобелсенділер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, кәсіпорындар мен мекеме қызметкерлері белсенділік танытқан. Нәтижесінде облыс аумағына 13 мың түп тал егілген.

«Ақмешіт-ақпарат»

«Теңбіл доп» кіші футбол турнирі өткізілді

Қызылорда облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің тапсырмасы негізінде ағымдағы жылдың 6 қыркүйек күні қала тұрғындары (діни бірлестіктер) арасында кіші футболдан «Теңбіл доп» турнирі өткізілді.



Турнирге қала аумағында орналасқан 12 (он екі) мешіттің жамағаттары мен «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің қызметкерлерінен құралған жалпы саны 13 команда қатысты.

Турнир нәтижесінде: 1-орынды «Мүсірәлі ата» мешіті, 2-орынды

«Аллажар» мешіті, 3-орынды «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ, 4-орынды «Мырқы қажы» мешіті иеленді.

Сондай-ақ жеңімпаздарға қаржылай сертификат табысталды.

Атап айтқанда, 1-орын – 100000 теңгелік, 2-орын – 80000 теңгелік,

3-орын – 60000 теңгелік, 4-орын 40000 теңгелік сертификаттар және қатысушыларға 20000 теңгелік сертификаттар, грамоталар, кубок және медальдар табысталды.

Р.ҚОСНАЗАРОВ,
ИП «Astana2020» басшысы

